

## **Аралды құтқарудың халықаралық қорының мәселелері**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 24 маусым 1993 ж. N 534

Аралды құтқарудың Халықаралық қорының құрылтайшылары - Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 1993 жылғы 26 наурыздағы шешіміне және Қор Басқармасының 1993 жылғы 19 сәуірдегі Алматы қаласында орналасатын Қордың Атқару дирекциясын құру туралы шешімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылға арналған Республикалық бюджетте көзделген қаржыдан Аралды құтқарудың Халықаралық қорының Атқару дирекциясына алғашқы жарна бөлсін.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы қаласының әкімі ұсынылған есептер бойынша дирекция аппаратын және Халықаралық экологиялық "Аралэкобанк" банкін орналастыру үшін Аралды құтқарудың Халықаралық қорының атқару дирекциясының балансына үй-жай беретін болсын.
3. "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясы, Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі 1993 жылғы III тоқсанда Қордың дирекциясын оның өтінімі бойынша автомобильдермен, жұмсақ және қатты мүкәммалмен, іс техникасымен, телефон, телефакс және телекс байланыс құралдарымен және басқа қажетті жабдықтармен және материалдармен қамтамасыз етсін.
4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі мемлекеттік қажеттіліктерді түзген кезде Аралды қорғаудың Халықаралық қорының Атқару дирекциясына құрылтайшы мемлекеттер қабылдаған келісімдерге сәйкес орталықтандырылған қаржы бөлуді қарастыратын болсын.
5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Алматы қаласында Қордың Атқару дирекциясы үшін тұрғын-үй құрылысына қаржы бөлуді көздесін.
6. Министрліктер, ведомстволар, облыстардың, қалалардың және аудандардың әкімдері Аралды құтқарудың Халықаралық қорына жан-жақты қолдау көрсетіп, Қорға белгіленген тәртіп бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың, коммерциялық құрылымдардың және басқа да заңды ұйымдар мен жеке адамдардың қаражаттарын тартуға жәрдем көрсетсін.
7. Атқару дирекциясының бөлім бастықтары мен олардың

орынбасарлары медициналық қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігіне тіркелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі